**«Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ оқушыларды ыстық тамақпен қамту туралы мәлімет**

«Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ 2023-2024 оқу жылында Қорғалжын ауданы бойынша Білім бөлімі арқылы жеке кәсіпкер Айгүл Алтайбаевамен келісім шартқа отырылып, бүгінгі таңда 68 оқушы тегін ыстық тамақтанумен қамтылған. Оның ішінде әлеуметтік топтағы- (21 көп балалы, 2 аз қамтылған, 3 жалғыз басты) және 1-4 сынып аралығында әлеуметтік топқа енбейтін 17 оқушы, 10 ата-ананы құрайды. Ыстық тамақпен қамту үшін ауыл әкімшілігінен отбасы анықтамасы алынып, ата-аналары мектеп директорының атына өтініш жазып тапсырды. Тамақтанатын оқушылардың отбасы жағдайы қамқоршылық кеңесінде қаралып, жеке акт қағазы толтырылды. Алдағы уақытта 2024 жылдың қаңтар айында жаңадан ыстық тамақтану бойынша бракеражды комиссия, қамқоршылық кеңесінің қаралымымен қайта тізім құрылады.

Сондай-ақ 2023-2024 оқу жылы қарсаңында 42000 теңге қаржылай көмекке  52 оқушы, 25 ата-ана тізімі жасалып. Бүгінгі күні 20 ата-ана қаржылай көмекті алып отыр. 5 ата-ананың 42000 теңге қаржылай көмегі түрлі себептермен банк тарапынан  кері қайтарылып жіберілгендіктен алдағы уақытта Білім бөлімінің бухгалтерлік есебінен қайта жіберілетін болды.

Оқушылардың құқықтық қорғау, әлеуметтік жағдайын зерделеу. Ата-анамен сынып жетекшілермен педагогтармен және қоғамдық ұйымдармен ынтамақтастық орнату.

Мектеп бойынша әлеуметтік жағдайы төмен, көп балалы отбасылар анықталды, тізім жасалды.

Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуы тәртібі бос уақытты тиімді өткізуін қадағаланды. Психологпен бірлесе профилактикалық әңгімелер тренигтер өткізілді. Ата-аналар жиналысында құқықтық сауаттылық бала тәрбиесі тақырыбында баяндама жасады. Қамқоршылық кеңес өткізіліп, комиссия мүшелерін тағайындап, ата-аналар комитетімен бірлескен жұмыстар атқарды. Мектеп формасымен оқу құралдарына мұқтаж отбасыларға «Мектепке жол» акциясы арқылы көмек көрсетілді.

Жыл бойы оқушылармен, ата-аналармен педагогтармен және қоғамдастықпен тығыз байланыс орнатылды.

Әлеуметтік педагог: С.А.Искакова